КОНКУРС ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ

ХАБАРЛАНДЫРУ!

Бос жұмыс орнына конкурс жарияланған күні: 22.10.2026ж

Мекеме атауы: Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы «Талас ауданының білім бөлімі «Әйгерім» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

Орналасқан жері: Жамбыл облысы, Талас ауданы, Қаратау қаласы, 3 мөлтек ауданы 47А.

Телефон нөмірі: 8 747 635 31 40

Пошталық мекен-жайы: aigerimkaratau@yandex.kz

Инста парақша: aigerim_bobekjai_bakshasi

Сайт: https://aigerim-talas.kz/kz/

Бос лауазым атауы: 1,0 штаттық бірлікпен – саз жетекші лауазымына

Негізгі функционалдық міндеттері:

1. Білуге тиіс:

Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңдары және білім беруді дамытудың бағыттары мен перспективаларын айқындайтын өзге де нормативтік құқықтық актілер;

мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты;

педагогикалық этиканың нормалары;

балалар репертуарындағы музыкалық шығармалар, музыкалық тәрбие әдістемесі;

еңбек заңнамасының негіздері, ішкі еңбек тәртібінің, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау қағидалары, санитариялық қағидалар мен нормалар.

2. Лауазымдық міндеттері:

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес балалардың музыкалық тәрбиесі мен эстетикалық дамуын жүзеге асырады;

- Музыкалық сабақтарды, балалар мерекелерін және өзге де мәдени-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастырады және өткізеді, музыкалық дарынды балаларды анықтайды, балалармен жеке жұмыс жүргізеді;

- Балалардың ойын әрекетін ұйымдастыруға қатысады, түрлі музыкалық-дидактикалық ойындар өткізеді;

- Педагогикалық кеңестерді дайындауға, әдістемелік бірлестіктердің жұмысына қатысады;

- Балалармен жұмыс тәжірибесіне инновациялық педагогикалық тәжірибені енгізеді;

- Ата-аналар мен тәрбиешілерге балалардың музыкалық тәрбиесі мәселелері бойынша кеңес береді.

Еңбек ақы мөлшері: 1,0 штаттық бірлік (150 000 - 200 000 теңге аралығы).

Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген кандидатқа қойылатын біліктілік талаптары:

- Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі немесе техникалық және кәсіптік педагогикалық немесе музыкалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлығын растайтын құжат, жұмыс стажына талап қойылмайды;
- Және (немесе) біліктілігі жоғары немесе орта деңгейдегі жұмыс өтілі педагог-модератор үшін кемінде 3 жыл, педагог-сарапшы үшін - 4 жыл, педагог-зерттеуші үшін – 5 жыл және (немесе) біліктілігі жоғары деңгейдегі жұмыс өтілі педагог-шебер үшін – 5 жыл.

Қажетті құжаттар:

1. Конкурсқа қатысу туралы өтініш (3 қосымша);
2. Жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін);
3. Кадрларды есепке алубойынша толтырылған жеке іс-парағы (нақты тұрғылықты мекен-жайы мен байланыс телефондары көрсетілген бар болса);
4. Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамалары мен бекітілген лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
5. Еңбек қызметін растайтын құжаттардың көшірмесі
6. «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министірінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 9 шілдедегі №ҚР ДСМ-59 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама (У 075) (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №23469 болып тіркелген);
7. Психоневрологиялық ұйымнан анықтама;
8. Наркологиялық ұйымнан анықтама;
9. Біліктілік тестілеу сертификаты немесе біліктілік санатының болуы туралы куәлік;
10. Бағалау парағы;
11. Ұсыным хат (оқу орнынан немесе жұмыс орнынан)
12. Түйіндеме.

Құжаттарды қабылдау мерзімі: 7 жұмыс күні (22.10.2026 – 30.10.2026ж аралығы)